

**«D141-Медицина (8D10110-Медицина)» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
АСАН АЙНҰР АСАНҚЫЗЫНЫҢ**

**«Бүйректің созылмалы ауруындағы дәрі-дәрмектердің клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша**

ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді: «Өмір туралы ғылымдар және денсаулық». Зерттеу тақырыбы осы басым бағыттың құрамындағы келесі зерттеу салаларына жатады: – созылмалы инфекциялық емес аурулар шеңберіндегі бүйректің созылмалы ауруы; – дәрілік заттарды ұтымды пайдалану; – медициналық көмектің сапасын арттыру; – клиникалық фармакология және дәрілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету; – фармакоэпидемиологиялық және фармакоэкономикалық зерттеулер. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс ҚР «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінде және ҚР ДСМ фармакологиялық қадағалауды дамыту және дәрілік қауіпсіздікті арттыру стратегиясына қатысты бұйрықтарында айқындалған денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат міндеттеріне толық сәйкес келеді. Осылайша, диссертация ұлттық ғылыми даму басымдықтарына және денсаулық сақтау жүйесінің стратегиялық бағыттарына толық сәйкес келеді, алайда нақты гранттық жобаға тіркелмеген.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады ✓ /қоспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған ✓ /ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс Қазақстандағы клиникалық медицина мен фармакоэпидемиологияның дамуына елеулі үлес қосады. Зерттеудің өзектілігі мен маңыздылығы жан-жақты және дәлелді түрде ашылған, автор бүйректің созылмалы ауруы (БСА) кезінде фармакотерапияның

			тиімділігін, қауіпсіздігін және экономикалық ұтымдылығын кешенді бағалаудың қажеттілігін негіздейді. Бұл қазіргі заманғы денсаулық сақтау саласының ғылыми және тәжірибелік басымдықтарына толық сәйкес келеді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ✓ 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жұмыстың құрылымына, орындалған зерттеулердің көлеміне, қолданылған статистикалық әдістерге, ұлттық деректерді жүйелеуге, сондай-ақ автордың фармакоэпидемиологиялық және фармакоэкономикалық талдауды өздігінен орындауына, рецензияланатын журналдардағы ғылыми жарияланымдары мен халықаралық конференциялардағы тезистерінің болуына негізделе отырып, автордың дербестік деңгейін жоғары деп бағалауға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген ✓ 2) жартылай негізделген 3) негізделмеген	Кіріспе мен әдеби шолуға жүргізілген талдау автордың БСА проблемасының әлемдік және ҚР ауқымын жан-жақты көрсеткенін дәлелдейді. Автор халықаралық және ұлттық эпидемиологиялық деректерді келтіріп, сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің өсуін, кеш диагностикалаудың мәселелерін, жоғары экономикалық шығындарды, сондай-ақ БСА бар пациенттердегі полипрагмазия қаупін, дозалау қателіктерін және дәрілік өзара әрекеттесулерді айқын сипаттайды. Автор фармакотерапиялық қателіктердің клиникалық нәтижелерге әсерін көрсетіп, фармакоэпидемиологиялық, фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық талдаудың қажеттілігін негіздейді, сондай-ақ зерттеудің денсаулық сақтау саласының ұлттық басымдықтарына және халықаралық стандарттарға (ДДҰ, клиникалық хаттамалар, фармакологиялық қадағалау) сәйкестігін айқындайды.

4.	Ішкі бірлік принципі	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды ✓ 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Жұмыстың құрылымы мен мазмұнына жүргізілген талдау барлық негізгі бөлімдердің — БСА эпидемиологиясы, фармакотерапиялық талдау, дәрілік заттардың қауіпсіздігін бағалау, фармакоэкономикалық талдау, сондай-ақ әзірленген практикалық ұсынымдардың — диссертацияның жарияланған тақырыбына толық сәйкес келетінін көрсетеді: «Бүйректің созылмалы ауруындағы дәрі-дәрмектердің клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу». Жұмыста тиімділік, қауіпсіздік, рационалды тағайындау, дозалау, полипрагмазия, дәрілік өзара әрекеттесулер және фармакотерапияның экономикалық жүктемесі мәселелері жан-жақты қарастырылған, бұл зерттеудің атауы мен мақсатына тікелей байланысты.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді ✓ 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Қойылған мақсат диссертация тақырыбымен тікелей байланысты және оның мазмұнын толық ашып көрсетеді. Белгіленген міндеттер мақсаттан логикалық түрде туындайды және жұмыстың атауына толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан ✓ 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеудің құрылымы клиникалық практика талдауынан бастап фармакотерапияның қауіпсіздігін және экономикалық негізділігін бағалауға дейінгі жұмыстың барлық негізгі бағыттары БСА проблематикасына логикалық түрде байланыстырылатындай етіп құрылған. Зерттеудің логикасы жарияланған тақырыпты бірізді түрде көрсетеді және оған толық сәйкес келеді: бөлімдердің тақырыптары, қолданылған әдістер және алынған нәтижелер жұмыстың негізгі ғылыми тұжырымдамасымен тікелей үйлеседі.

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар ✓ 2) талдау жартылай жүргізілген; 1) 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жұмыста автордың өзіндік талдамалық ұстанымы айқын көрсетілген: отандық деректер халықаралық клиникалық тәжірибемен салыстырылған, дәрілік заттарды тағайындаудың ұлттық клиникалық хаттамаларға сәйкестігі талданған, ABC/VEN және AWaRe (ДДҰ) тәсілдерін енгізудің қажеттілігі негізделген, нақты клиникалық практикада анықталған дозалау және қауіпсіздік мәселелері бағаланған. Автор алынған деректерді белгілі зерттеулермен салыстырып, айырмашылықтар мен проблемалық аймақтарды көрсетеді және дәлелді ұсынымдар тұжырымдау жасайды.
		5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа ✓ 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияда ұсынылған тәжірибелік және әдістемелік шешімдер ғылыми жаңалық тұрғысынан толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу барысында алғаш рет Қазақстандағы БСА бар науқастарға қатысты фармакотерапияның тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау мақсатында кешенді тәсілдер әзірленді және жүйеленді. Автор нефрологиялық тәжірибеде ABC/VEN және AWaRe тәсілдерін қолданудың Қазақстан жағдайына бейімделген жаңа моделін ұсынды; фармакотерапияның клиникалық аудитін ұйымдастырудың құрылымдық алгоритмін жасады; дәрілік заттарды сатып алуды оңтайландыруға арналған жаңа тәсілдерді негіздеді; БСА бар науқастарына арналған фармакологиялық бақылау және қауіпсіздікті мониторингтеу жүйесінің жаңа тәжірибелік элементтерін енгізді; клиникалық тәжірибені ұлттық және халықаралық нұсқаулықтармен сәйкестендірудің жаңаша ұсыныстарын тұжырымдады. Бұл шешімдер халықаралық деңгейде қолданылатын әдістерге сүйенгенімен, Қазақстанда, әсіресе БСА тобына қатысты, алғаш рет кешенді түрде әзірленіп, ұлттық клиникалық тәжірибеге бейімделген, сондықтан олардың ғылыми жаңалығы толық дәрежеде жаңа болып табылады.

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа ✓ 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кемжаңа болып табылады) 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ✓ 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кемжаңа болып табылады)	Жұмыста ұсынылған қорытындылар автор алған ауқымды түпнұсқалық деректерге негізделеді. Бұл талдамалық деректер мен олардың негізінде қалыптастырылған тұжырымдар Қазақстанда бұрын кешенді түрде жарияланбаған, бұл авторлық қорытындылардың дербестігі мен жаңалығын растайды. Диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдер толығымен жаңа болып табылады. Автор алғаш рет Қазақстандағы БСА бар науқастарға арналған фармакотерапияны басқару жүйесін кешенді бағалау және оңтайландыру мақсатында интеграцияланған әдістемелік модель ұсынды. Жұмыста ABC/VEN және A WaRe тәсілдерін нефрологиялық тәжірибеге бейімдеу, полипрагмазияны төмендету, дозалау сәйкессіздіктерін түзету, дәрілік өзара әрекеттесулердің алдын алу, дәрілік қауіпсіздікті мониторингтеу және ұтымды сатып алуды ұйымдастыру жөніндегі жаңа тәжірибелік механизмдер қалыптастырылды. Бұл шешімдер бұрын Қазақстанда БСА тобына қатысты зерттелмеген, жүйеленбеген және нақты клиникалық тәжірибемен байланыстырыла отырып ұсынылмаған. Сондықтан диссертацияда ұсынылған тәсілдер ұлттық клиникалық тәжірибе үшін бірінші рет жасалған жаңа ғылыми-тәжірибелік модель болып табылады және олардың жаңалығы толық дәрежеде расталады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген ✓/ негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Негізгі қорытындылар салмақты әрі ғылыми тұрғыдан дұрыс дәлелдерге негізделген. Олар келесі дереккөздерге сүйенеді: – Бірыңғай ұлттық деректерінің 7 жылдық кезенді қамтитын ауқымды массиві; – эпидемиологиялық, фармакотерапиялық және фармакоэкономикалық талдаудың валидирленген әдістері; – нәтижелердің статистикалық өңделуі;

			– алынған деректердің ұлттық және халықаралық зерттеулермен салыстырылуы; – клиникалық және практикалық ұсынымдардың нақты дәлелденген аргументациясы.
		Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелдендіме? 1) дәлелденді ✓ 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ ✓ Жаңа ма? 1) ия ✓ 2) жоқ	7.1–7.3 Үш негізгі қорғауға шығарылатын тұжырымның әрқайсысы диссертацияда нақты деректермен дәлелденген: 1. БСА таралуының және өлім-жітім көрсеткіштерінің өсуі Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі деректері, динамикалық трендтерді талдау және статистикалық есептеулер негізінде дәлелденген. 2. Фармакотерапия құрылымындағы кемшіліктер (Access-препараттардың үлесі, айқын полипрагмазия, дәрілік өзара әрекеттесулер) жүргізілген фармакоэпидемиологиялық талдау нәтижелерімен расталған. 3. Терапияның қауіпсіздігін және тиімділігін бағалау қажеттілігі анықталған жағымсыз реакциялар жиілігімен, дәрілік өзара әрекеттесулермен және дозалау сәйкессіздіктерімен негізделген. Осылайша, қорғауға шығарылатын барлық негізгі тұжырымдар автордың түпнұсқалық деректеріне негізделген, дәлелденген, жаңа және тривиалды емес ғылыми нәтижелер болып табылады.
		7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең ✓	7.4 Диссертацияда ұсынылған қорғауға шығарылатын үш тұжырым кең ауқымда қолдануға ие: олар денсаулық сақтау жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде — амбулаторияда, стационарда, нефрология және терапия салаларында — қолдануға жарамды; медициналық ұйымдар деңгейінде, өңірлік және ұлттық бағдарламалар деңгейінде енгізілуі мүмкін.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) Ия ✓ 2) жоқ	7.5 Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар автордың жарияланған ғылыми зерттеулерімен расталған. – БСА мен гломерулярлы аурулардың эпидемиологиялық жүктемесінің өсуі ұлттық деректер негізінде сенімді түрде дәлелденген (Renal Failure, 2024). – Фармакотерапияның рационалдылықтан ауытқуы, жоғары полипрагмазия, дозаны түзетудің болмауы және жиі кездесетін дәрілік өзара әрекеттесулер клиникалық талдау арқылы дәлелденген (Turk J Nephrol, 2024). – Фармакоэкономикалық ауытқулар, сондай-ақ тағайындаулардың Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярына және A WaRe қағидаттарына сәйкессіздігі ретроспективтік зерттеуде негізделген (EJGM, 2022). Ұсынылған тұжырымдар дәлелденген және әдіснамалық тұрғыдан толық негізделген.
8.	Дәлдік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың шынайылығы	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия ✓ 2) жоқ	Әдіснаманы таңдау ғылыми тұрғыдан негізделген және диссертацияда жан-жақты сипатталған. Жұмыста келесі аспектілер егжей-тегжейлі баяндалған: – дереккөз (БМАЖ); – енгізу/шығару критерийлері; – статистикалық әдістер; – фармакоэпидемиологиялық және фармакоэкономикалық тәсілдер; – жағымсыз дәрілік реакцияларды (ЖДР) және дәрілік өзара әрекеттесулерді талдау әдістері; – ABC/VEN және A WaRe алгоритмдері. Қолданылған әдістер халықаралық стандарттарға (STROBE) толық сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылымизерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия ✓ 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерін, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған. Жұмыста қазіргі статистикалық пакеттер — STATA 16.1 және GraphPad Prism 9.5, эпидемиологиялық талдау әдістері, фармакоэпидемиология тәсілдері, ABC/VEN, ДДҰ-ның A WaRe жіктемесі, жағымсыз дәрілік реакциялар (ЖДР) мен дәрілік өзара әрекеттесулерді талдау, сондай-ақ Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі деректерінің үлкен массивтерін өңдеу әдістері пайдаланылған. Бұл қолданылған әдістер қазіргі заманғы ғылыми методология талаптарына толық сәйкес келеді.

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия ✓ 2) жоқ	Автор сипаттаған теориялық тұжырымдар жүргізілген талдамалық (кең мағынадағы эксперименттік) зерттеумен шын мәнінде дәлелденген: – БСА таралуы мен өлім-жітімінің өсуіне қатысты эпидемиологиялық заңдылықтар Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі ұлттық деректерін өңдеу арқылы расталған; – полипрагмазия, дозалық бұзылыстар, дәрілік өзара әрекеттесулер (ДӨӘ) және жағымсыз дәрілік реакциялар (ЖДР) қаупі арасындағы байланыстар фармакоэпидемиологиялық талдау нәтижелерімен дәлелденген; – экономикалық жүктеменің заңдылықтары (ұтымсыз терапия кезіндегі шығындардың артуы, полипрагмазияның әсері) фармакоэкономикалық есептеулермен расталған. Барлық қорытындылар статистикалық әдістермен, критерийлерді дұрыс таңдаумен, деректерді өңдеудің заманауи құралдарын қолданумен негізделген және халықаралық ұсынымдармен салыстырылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған ✓ / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстың маңызды тұжырымдары өзектілігі мен ғылыми шынайылығы дәлелденген дереккөздермен расталған. Автор заманауи дәлелді базаны жүйелі түрде қолданады, оның ішінде: – ДДҰ, KDIGO, ISN халықаралық деректері, олар БСА-ның жаһандық эпидемиологиясын және емдеу стандарттарын көрсетеді; – GBD (Global Burden of Disease) базасы, ол сырқаттанушылық пен өлім-жітімнің әлемдік және аймақтық трендтерін негіздеуге мүмкіндік береді; – рецензияланатын журналдардағы (Scopus, Web of Science) заманауи жарияланымдар, полипрагмазия, дозалау, дәрілік өзара әрекеттесулер, нефротоксичность және фармакологиялық қадағалау мәселелерін қамтитын; – Қазақстанның ұлттық нормативтік актілері мен клиникалық хаттамалары, олар нақты клиникалық практиканың стандарттарға сәйкестігін талдаудың негізін құрайды; – Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі эмпирикалық деректері (2014–2020), олар түпнұсқалық ақпараттық массив болып табылады және халықаралық дереккөздермен біріктіре отырып трендтерді

			верификациялауға қолданылған. Сілтемелер эпидемиология, клиникалық фармакология, фармакоэпидемиология, фармакоэкономика және дәрілік заттардың қауіпсіздігі сияқты барлық негізгі бөлімдер бойынша теңдей бөлінген. Қолданылған дереккөздер заманауи, 2016–2024 жж. аралығын қамтиды, дұрыс цитаталанады және автордың қорытындыларын логикалық түрде қолдайды.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті ✓/ жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер көздері сапалы және заманауи әдеби шолу жүргізуге жеткілікті болып табылады. Диссертацияда 174 дереккөз келтірілген, бұл ғылыми шолудың толықтығына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді және жеткілікті көлемді құрайды. Дереккөздердің елеулі бөлігі — соңғы 5–10 жылдағы материалдар, соның ішінде заманауи халықаралық деректер. Сондай-ақ ҚР соңғы жылдардағы (2020–2023) нормативтік-құқықтық актілерінің кеңінен пайдаланылуы жұмыстың практикалық өзектілігін арттыра түседі. Әдебиеттер тек тар бағытпен шектелмеген, керісінше эпидемиологиялық, клиникалық, фармакотерапиялық және экономикалық дереккөздерді қамтиды, бұл автордың жүйелі әдістемелік көзқарасын көрсетеді.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия✓ 1) жоқ	Жұмыста БСА эпидемиологиясы, бүйрек функциясы төмендеген жағдайдағы клиникалық фармакологияның ерекшеліктері, қауіпсіз дозалау қағидаттары, дәрілік өзара әрекеттесулер мен полипрагмазияны бағалау, сондай-ақ фармакоэкономика мен фармакологиялық қадағалаудың заманауи тұжырымдамаларын жинақтау бойынша теориялық база қалыптастырылған. Бұл тұжырымдар БСА кезінде рационалды фармакотерапия туралы ғылыми түсініктерді кеңейтеді және болашақтағы іргелі әрі қолданбалы зерттеулерге негіз бола алады.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия ✓ 2) жоқ	Диссертациялық жұмыс айқын практикалық маңызға ие, өйткені алынған нәтижелер Қазақстан Республикасындағы клиникалық практикаға және дәрілік қамтамасыз етуді басқару процестеріне тікелей енгізілуі мүмкін.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болыптабылады? 1) толығымен жаңа ✓ 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кемжаңа болып табылады)	Ұсынымдардың бір бөлігі халықаралық деңгейде танылған қағидаттарға (ДДҰ-ның A WaRe тәсілі, ABC/VEN, клиникалық аудит) негізделген, алайда диссертацияда бұл тәсілдер Қазақстанның нақты жағдайларына бейімделген, Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі ұлттық деректерімен алғаш рет үйлестірілген және Қазақстандағы БСА тән нақты проблемалармен байланыстырылған. Дәл осындай бейімдеу мен нақтылаудың арқасында ұсыныстардың елеулі бөлігі отандық практика үшін жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ✓ 2) орташа; 3) орташадан төмен; төмен.	Диссертация мәтіні қатаң академиялық стильде жазылған: жұмыстың құрылымы бірізді, логикалық тұрғыдан дәлелденген және әдіснамалық негізделген; терминдер кәсіби стандарттарға сәйкес дұрыс әрі бірізді қолданылған. Зерттеуде статистикалық тұрғыдан сенімді деректер ұсынылған, ал заманауи ғылыми дереккөздерге жасалған сілтемелер дереккөзге сілтеме жасау талаптарына толық сәйкес рәсімделген. Жұмыста келтірілген дәлелдер жеткілікті және негізді, қолданылған әдіснаманың дұрыстығы мен бөлімдер арасындағы үйлесімділік зерттеудің ғылыми сапасын айқын көрсетеді. Диссертацияның стилі мен мазмұны PhD-диссертацияларға қойылатын ұлттық және халықаралық талаптарға толық сәйкес келеді. Бұл автордың ғылыми мәтінмен жұмыс істей алу деңгейін және академиялық дайындықтың жоғары екенін дәлелдейді.
11.	Диссертация кемшіліктері	Ғылыми еңбектер жоғары деңгейде жазылған. Ескертулер жоқ.	
12.	Рецензенттің шешімі (осы Үлгілік ереженің 28-тармағына сәйкес)	Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша докторанты Асан Айнұр Асанқызының «Бүйректің созылмалы ауруындағы дәрі-дәрмектердің клиникалық тиімділігі мен қауіпсіздігін зерттеу» тақырыбындағы, 8D10110 – «Медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясы аяқталған және дербес орындалған ғылыми зерттеу болып табылады. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған және БСА-сы бар науқастарға арналған дәрілік емді дербестендіру, оның тиімділігін арттыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне елеулі үлес қосады.	

		Зерттеу жұмысы дербестік, ішкі логикалық тұтастық, ғылыми жаңашылдық, деректердің шынайылығы, тәжірибелік маңыздылық және академиялық адалдық қағидаттарына толық сай орындалған және ҚР БҒМ-нің «Ғылыми дәреже беру қағидаларында» белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді. Автор – Асан Айнұр Асанқызы 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге толық негізделген түрде лайық.
--	--	---

Ресми рецензент
Клиникалық фармакология және дәлелді медицина
кафедрасының меңгерушісі
«Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ
медицина ғылымдарының кандидаты, профессор



Калиева Ш.С.



Күні: « 12 » 12 20 25 ж.

